



БАЙЛАР ДА  
ЖЫЛАЙ МА?

5-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



ҚАЗАҚЫ КІЛЕМ  
ТОҚЫҒАН...

10-БЕТ | ДӘСТҮР



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ



www.election.gov.kz

№27-28  
(4461)

Сейсенбі  
7 наурыз  
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Қушпақ әрме  
тола берсін!



Құрметті  
нәзік жанды  
әйелдер қауымы!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!  
Әйел – әлемдегі жылулық пен сұлулықтың, отбасылық құндылықтар мен берекенің символы. Сіздер жан шуақтарыңызбен отбасын мейірге бөлеп, балаларды тәрбиелеп, қызметті де табысты атқарып отырсыздар. Елордамыздың жетістіктері де сіздермен байланысты. Сіздер астанамыздың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатырсыздар.

Сіздерге зор денсаулық, өрлеу, кәсіби қызметте жетістіктер тілеймін! Аңсаған армандарыңызға жетіңіздер!

Құрметпен,  
Астана қаласының әкімі  
Жеңіс ҚАСЫМБЕК

СОТСЫЗ ДА  
ШЕШЕ АЛАДЫ

Микроқаржы ұйымдарына қарызға батқандар мәселесін сотсыз-ақ шеше алады. Ол үшін тұтынушылардың құқығын қорғайтын орталыққа жүгіну қажет.

Берешекке белшесінен батқан ел тұрғыны тұтынушылардың құқығын қорғайтын арнайы орталықтан тегін кеңес алып, мәселесіне нүкте қоя алады. Яғни борышкерге төлемді кейінге қалдыруға немесе қарызды төлеу үшін жаңа кесте алуға мүмкіндік туады.

Микроқаржы ұйымдары клиентпен кездесуден бас тартса, өтінішіне мүлдем жауап бермесе, қорлап, әдепсіздік танытса да, осы орталыққа арыздануға толық құқылы.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай елорданың концерт алаңдарында түрлі мерекелік іс-шара өтеді. 7, 8 наурыз күндері қала көшелерінде нәзік жандыларға арнап қызғалдақ тарату акциясы өтеді. 7 және 8 наурызда қалада «Қамқорлық мекенжайы» акциясы аясында көпбалалы аналарға, жалғызбасты қарттарға азық-түлік себеті таратылады.

12

АНАЛАРҒА АРНАЛДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Анаға сәлем» мерекелік концертін ұсынды.



Кеш барысында аналар туралы, адамзаттың сұлуы – әйелдер жайында әндер шырқалды. Атап айтқанда, Александр Зацепиннің «Көктем вальсі», Ескендір Хасанғалиевтің «Сағындым сені», Арно Бабаджанянның «Сұлулық патшайымы», Шәмші Қалдаяқов әндерінен попурири, Астор Пьяцолланың «Libertango», т. б. туындылар әуелді.

Концертке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Арайлым Рахымқызы, Алтынай Жорабаева, Светлана Айтбаева, Естай Мұқашев, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Нұрбол Балапанов, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Зарина Омарова, Айдын Жұмабаев, Фарид Жолдасова, Алуа Қалымбекова, Алтыншаш Мұқатаева, Парасат Отан, Ақбота Құснадин, Әкімхан Мәженов, Фируза Рахметова, Дәурен Төлеубаев қатысты.

Үрлемелі оркестр (көркемдік жетекшісі – Никита Почиталин) және «Алем» заманауи хореография балеті (көркемдік жетекшісі – Бақыт Тәжинов) концертті көркемдеді.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 472.75 \$ USD/KZT 445.82 ₸ RUB/KZT 5.96 ¥ CNY/KZT 64.28

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



















## Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

### 8 НАУРЫЗ

Сегізінші наурыз деген – әз анаң!  
Болмашыға мәз болатын күлімдеп,  
Маңдайыңнан сүйер сосын «Күнім» деп.  
Күліп тұрып, көңілі кенет бұзылып,  
Шүкір дейтін, шүкір дейтін күбірлеп.

Сегізінші наурыз деген – апаңыз!  
Сен кіргеннен көңіліне бақ дарып,  
Еріне сәл қарап қойып мақтанып.  
Жаны қалмай асты-үстіңе түсетін,  
Қашан үйден кеткеніңше аттанып.

Сегізінші наурыз деген – қарындас!  
Жер бетінде болмас ондай тілеулес,  
Оған барсаң, қазан аспай жібермес.  
Сені жамандайтындармен дәйім  
айтысып,  
Есеңді де жібермейтін біреуге еш.

Сегізінші наурыз деген – жарыңыз!  
Тұла бойы еркелік пен келісім,  
Әулие ғып ұлық тұтқан перісін.  
Бірте-бірте айналады ол өзіңе,  
Құрбандыққа барар барлық сен үшін.

Сегізінші наурыз деген – әз жеңгең!  
Екі езуі құлағына ілініп,  
Сенің төбең көрінгеннен жүгіріп.  
Жариялар сыйлығыңды ел-жұртқа,  
Етегіне сүрініп.

Сегізінші наурыз деген – келінің!  
Барсаң, дәйім, күліп қарсы алатын,  
Қарсы келмей, қабағыңды бағатын.  
«Ағам келді...» – деген даусы  
жарқылдап,  
Ініңнің де өсіреді қанатын...

Сегізінші наурыз деген – қызыңыз!  
Бауырыңнан өрген нәзік балапан,  
Оған керек тек аяулы алақан.  
Азғантай күн қонақ болып төріңде,  
Басқа үйде ататұғын жаңа таң...

Әйел – үйдің берекесі, құты, рас,  
Көзіңше оның мініңді ешкім шұқымас...  
...Әй, жігіттер, түк шашылу емес бұл,  
Сегізінші наурыз деген – ықылас!

## Нәзира БЕРДАЛЫ

Әрбір үйде асылған ет,  
бауырсақтар, шелпектер,  
Өмір бойы сүю жайлы әп-әдемі  
ертпектер...  
Көше толы құлпырған гүл,  
Гүл көтерген еркектер –  
Сегізінші наурыз.

Дәл бұл күні сұлуларды мақтау – аз!  
Естілмеуі тиіс сөздер: «ақшам аз».  
Ілгіштегі ең әдемі көйлектер,  
Кезек күту шаршатын шаштараз.

Сыйлық, қайшы, жылытыр  
қағаз, желімдер,  
Абысындар, апа-сіңлі, келіндер  
Көтеріңкі болса-дағы көңілдер,  
Кемсеңдеген... сүйілмеген еріндер...

Күн шуағы – жылы жазға бергісіз,  
«Қарды еріткен сол ғой» дерсіз енді сіз.  
Қате айттыңыз!  
Ол – Әйелдің күлкісі!  
...Тағдырымың не сыйлары белгісіз –  
Сегізінші наурыз...

## Алмас ТЕМІРБАЙ

### РАҚМЕТ САҒАН, АНА!

(қазіргінің қыздарына құлаққағыс)

Рақмет, саған, Ана,  
Мені тастап кетпегенің үшін,  
Жетім бала етпегенің үшін!  
Тектілігіңді жоғалтпай,  
Темекі де шекпегенің үшін!

Рақмет, саған, Ана,  
Жаман жолға түспегенің үшін,  
Адал еңбек істегенің үшін!  
Балаңды ойлап болашақ,  
Арақ-сыра ішпегенің үшін!

Рақмет, саған, Ана,  
Әркімді бір сүймегенің үшін,  
Әркімге бір тимегенің үшін!  
Ұрпағың үшін үнемдеп,  
Қымбат киім кимегенің үшін!

Рақмет, саған, Ана,  
Маған бәрін әпергенің үшін,  
Мінезімді көтергенің үшін!  
Он екі мүшемді сау қылып,  
Дүниеге әкелгенің үшін!

Рақмет, саған, Ана,  
Кінәм болса, кешіргенің үшін,  
Ауыр бейнет кешіргенің үшін!  
Ауырмайтын, аман-сау  
Адам қылып өсіргенің үшін!

Рақмет, саған, Ана,  
Сенің әрбір жылағаның үшін,  
Жоқтан барды құрағаның үшін!  
Бақыты үшін балаңның,  
Барлығына шыдағаның үшін!

Рақмет, саған, Ана,  
Арсыз іске бармағаның үшін,  
Аборт жасап, алмағаның үшін!  
Біздерді ойлап, шырылдап,  
Бар өміріңді арнағаның үшін!

Рақмет, саған, Ана,  
Болашақ менің баламның атынан.  
Бұрынғы ата-бабамның атынан,  
Жеті миллиард адамның атынан,  
Он сегіз мың ғаламның атынан,  
Рақмет, саған, Ана!

## Рахат ӘБДІРАХМАНОВ

### АЛАШ АРУЫ

Әппақ боп көктен түсе қалған мүсін,  
Жарық қып жібересің жалғанды шын!  
Төрінде жүрегімнің төгілсін жыр,  
Көгімде жүре берші, арман құсым!

Айналмас арың-арман, нұр-сағымға,  
Кәусарға қанып өссең гүл шағыңда,  
Жұртымның ғажап үні – жүрегіңде,  
Ұлтымның тазалығы – құрсағыңда!

Маңдайдан шуаққа алтын сүйдіріп кіл,  
Күлімдеп күллі әлемге құйды үміт-нұр.  
Даламның нәрі сіңген нәзік мүсін,  
Ғаламның сұлулығын сыйдырып тұр!

Сайтанның арбауынан жан-тән аман  
Болса егер, еңсе биік, шартарап-ән!  
Тәңірім тал бойыңды сақтаса екен,  
Алаштың ар-ұятын арқалаған!

Түнектен қас-қабаққа төніп кірбің,  
Түңілсем түсіме Күн болып кірдің.  
Анамның жанарынан жадымдағы –  
Алланың мейірімін көріп тұрмын!

Көш жүгі ауысумен нардан нарға,  
Дәуірлер дәуірлерге жалғанғанда,  
Алаштың әрбір ұлы қарындасын  
Осылай ардақтаса арман бар ма?!

## Оңайгүл ТҮРЖАН

Қыс таусылды.  
Қалды алыс сары жібек күз.  
Ертең-ақ құлпырады үлбіреп түз.  
Келіп қалған көктемнен зәресі ұшып,  
Шатырдан құлап өлді су жүрек мұз.

Шуағына тәнті боп өрт аспанның,  
Ақ бұлақ таңдай қағып  
қолпаштар мың.  
Маужырап күн шуаққа жонын тосар,  
қартайған қу сүйегі жартастардың.

Көктем келді көгілдір.  
Жылыды бақ.  
Тіршілікке жүгірді тірі бұлақ.  
Кеміреді ақ күшік жоқшылықты,  
қоғамның бір бұрышына тығылып ап.

Өтті-ау, өмір!  
Тоқтамас ағыс мүлде,  
қысқа ғұмыр қарайды алыс күнге.  
Күліп тұрып және де жылап тұрып,  
Бәйшешектер билейді қар үстінде.

## Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ

### ПЕРІ ҚЫЗЫНЫҢ ҒАЗАЛЫ

Тау ішінде оянам таңсаріде,  
Таңмен тұрған арудың аңсары не?!  
Ақбоз атты жолаушы,  
мойныңды бұр,  
«Жаныма кел» деп сосын салшы әніңе!

Жетегіңе мен мінер баранды алмай,  
Шыққан мынау сапарың  
қараң қалғай!!!  
Жо-о-о-жоқ, жігіт, жүре бер,  
жолың болсын,  
Желге мініп, соңыңнан барам қалмай...

Жолын тосқан мұңлықты  
көзге ілмейсің,  
Әлде жөнін айтатын сөз білмейсің...  
Тіл қатпасаң тіл қатпа, назар салып,  
Ишаратпен пейіліңді сездіргейсің.

...Тау ішінде жүремін кешкі ымыртта,  
Аптың басын бұра кет ескі жұртқа!  
Шоққа көмген таба нан  
тартуым бар,  
Қымыз құйған ана бір месті ұмытпа!

Өрмек құрар пенде-қыз емес едім,  
Күңгірт тартып көрінер елес-өңім.  
Арбайтұғын аярың бола алмастың,  
Ат шалдырар тұсың жоқ неге сенің?

Тау ішінде түс көрем...  
Сені қандай!  
Сені атыңнан түсірер күшім бардай...  
Күміс тостақ толтыра сусын құйып,  
Болам соны өзіңе ұсынғандай...

Тау ішінен көерім өзің едің,  
Бір сөз айтпай барасың сөзіме мың.  
Аялдамай тарта бер Ақбозыңмен,  
Түптің түбі өзіңмен кезігемін...

## Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ

### НАЗ

Қызылды көрсе, тамағы  
кенет бүлкілдеп,  
Қияда қыран қанатын қомдап  
сілкінбек.  
Жүректе тербеп сезімнің нәзік  
тамырын,  
Бұралып басып қызғалдақ Ару үлгілдеп,

Барады, эне! Көшеде өлең теріп мен  
Көз ала алмай келемін әсем көріктен.  
Алға озып кеткен уақытым сынды  
бұрылып,  
Қиылып сен де қарадың, қарғам  
неліктен?  
Аққудың ерке елесі болып Ай қабақ,  
Барасың қайда еркімді менің  
байлап ап?  
Лүпілдеп мендей тұр ма екен  
әлде жүрегің,  
Арман-ау, шіркін, көрсемші бір  
сәт аймалап.


Іліп-ақ түсер лашыны едім  
тау-құздың,  
Назарды қалай назыңа,  
қалқам-ау, ауғыздың?  
Тілімде еріп барады жалғыз  
балдай сөз:  
– Мерекеңізбен!!!  
(Сегізі ертең наурыздың!)





## ӘЛИХАН ӘЛЕМІН ӘСПЕТТЕДІ

Музыкалық жас көрермен театрында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен көрнекті мемлекет қайраткері, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның туған күніне орай өлкетанушы Тұңғышбай Мұқанның «Әлихан Бөкейхан – ұлт-азаттық күрескері» танымдық деректі фильмінің көрсетілімі өтті. Туынды продюсері – Медеу Әбеузар.



– Бұл фильм – мемлекеттік тапсырыс та емес, коммерциялық жоба да емес, ғылыми-зерттеу де емес. Немерем екеуміз Алаш қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлының тағдырының кейбір деректерін жинастырып, бүгінгі ұрпаққа, қарапайым халыққа, жұртшылыққа таныстыру мақсатындағы ақпараттық туынды. Фильмде

1992 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында Алаштың үш арысына арналған шарадан бастап, 2022 жылға дейін, 30 жыл ішінде өткізілген рухани шараның біразы қамтылған. Ондағы мақсатымыз – қарапайым ғана фильм арқылы Әлихан мен Алашты әлі танып білмей жатқан, мойындамай жатқан жұртшылыққа, әсіресе мектеп оқушыларына,

жастарға, ел басқарып отырған азаматтарға үлгі-өнеге ету. Фильм екі бөлімнен тұрады, – деген автор осындай мүмкіндік берген Астана әкімдігі мен қалалық Мәдениет басқармасына алғыс айтты.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев деректі фильмдегі Әлихан Бөкейханға қатысты деректер шашыратпай, бытыратпай ұсынылғанын атап өтті.

– Бұл ұлы шаруалардың бастамасы деп түсінемін. Әлихан Бөкейхан әлі де қазақ қоғамында, қазақ бар кезде талай биіктен көрінеді, жаңа тұғырға көтерілетініне сенімдімін. Себебі тон жібіді, кеңестер дәуірінде халықтың көңілінде тұрып қалған тұнба сөйле бастады, ери бастады. Енді ұлы Алаш қайраткерлерінің идеясы бүкіл қазақтың идеясына айналады, – деді Өмірзақ Озғанбаев.

Әлихан Бөкейханның серігі Әлімхан Ермековтің «Біз онымыз жиналғанда Тоқырауын өзеніндейміз, ал Әлихан дәрия еді ғой, толып тұрған Балқаш еді ғой» деген сөзін еске алды. Алаш қайраткерлерінің, соның ішінде Алаш көсемінің ұлт үшін атқарып кеткен ерен еңбегіне тоқталды. Атап айтқанда, қазақ шекарасын, қазақ жерін бекітудегі ерлігі туралы айтты.

## «SUPER ӘЖЕ – 2023» КІМ БОЛАДЫ?

Астанада алғаш рет «Super Әже-2023» байқау-жобасы өтеді. Оған 63 жастан асқан 10 әже қатысады.

«Super Әже-2023» атағының иегерін анықтау үшін сайыскерлер төрт кезеңнен өтеді: визит карточкасы, аспаздық өнер, дарындылар шоуы және сән конкурсы. Бірінші турда қатысушылар өздері туралы айтып берсе, келесі кезеңде әжелер өздерінің аспаздық шеберлігін көрсетеді. Кейін еркін бағдарламада шығармашылық нөмір қояды. Конкурстың соңғы кезеңі – қатысушылардың дефилесі.

«Super Әже-2023» атағын ең көп ұпай жинаған қатысушы алады. Сондай-ақ әжелер арасында әртүрлі номинациялардың иегерлері анықталып, бағалы сыйлықтар беріледі.

«Super Әже» жобасы – әжелерді белсенді әлеуметтік ортаға тарту, зейнеткерлік өмірге бейімделу бойынша өзіндік эксперимент. Бүгінде әжелерге үйде отырудың қажеті жоқ, олар өз таланттарын паш етіп, сахнада өнер көрсете алады. Біздің жобаның мақсаты – адамдарға 60 жастан кейін де өмір жарқын болатынын, эмоциялардың бай палитрасын бере алатындығын көрсету» дейді жобаны ұйымдастырушы Валентина Толмачева.

Байқау 11 наурызда сағат 12:00-де Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда өтеді (бұрынғы Конгресс-холл). Кіру тегін.



## ЖАРАСҚАН АҚЫННЫҢ ЖЫР САЙЫСЫ



Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында көрнекті ақын, сыншы, аудармашы, Мағжан Жұмабаев атындағы сыйлықтың лауреаты Жарасқан Әбдіраштың туғанына 75 жыл толуына арналған «Мен келдім бүгін сендерге өлеңімді алып бұлқынған» атты қалалық мәнерлеп оқу сайысының жеңімпаздарын марапаттауы өтті.

Белгілі ақын, Мәдениет қайраткері Бақытжан Тобаяқов, әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлы, Астана әкімдігіне қарасты «Руханият» мекемесінің басшысы Сауле Досжан, осы мекеме қызметкері Серік Рысбекұлы қатысқан шарада ақынның өмірі және шығармашылығынан сыр шертетін сурет және кітап

көрмесі ұйымдастырылды. Жарасқан Әбдіраштың ұлы, белгілі кинорежиссер Рүстем Әбдраш бейнеқұттықтау жолдап, барлық қатысушыларға алғыс айтты. Қонақтар өз естеліктерімен бөлісті.

Бас жүлдені №37 мектеп-лицей оқушысы Гүлсезім Төлеген иеленді. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне сәйкес жүлделі орындар берілді.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



### «СӘКЕН СҮЙГЕН АРУЛАР» КӨРМЕСІ

10 наурызға дейін

Сәкен Сейфуллин мұражайы



### «ШУАҚТЫ КӨКТЕМ»

7 наурыз

«Жанұя» отбасы институты

### АЯҰЛЫ

## Ана

Халықаралық қыз-келіншектер мерекесіне орай концерттік бағдарлама

### «ЖАН АНА» КОНЦЕРТ

7 наурыз 19:00

«Наз» мемлекеттік би театры



### «АНА – ӨМІРДІҢ ГҮЛІ» КӨРМЕСІ

7 наурыз 19:00

«АЛЖИР» мемориалдық-мұражай кешені



### «ЖАНАРЫМДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ӨУЕН»

7 наурыз 19:00

«Жастар» театры

Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ